



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 6B01707 Ұйғыр тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	Көпмәдениетті, коммуникативтік, педагогикалық саладағы міндеттерді шығармашылықпен және кәсіби түрде шеше алатын ұйғыр тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі мұғалімдерін дайындау: ұйғыр тілі мен әдебиетін оқыту; патриоттық рух негізінде ҚР халықтарының достығын және әр түрлі мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ	<ul style="list-style-type: none">- білім беру (педагогикалық);- ғылыми-зерттеу;- әдеби-шығармашылық;- ұйымдастырушылық-басқарушылық;- өндірістік-басқарушылық;- әдеби кеңесшілік.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 –пәндік және пәнаралық саладағы іргелі заңдылықтардың концептуалды және теориялық негіздерін түсіну және интеграциялау;

ОН2 –меңгерілген ақпаратқа сүйене отырып тілі мен әдебиет бойынша білімді практикада қолдану;

ОН3 –оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту, шығармашылыққа ұмтылу, проблемаларды бірлесіп шешу мақсатында ғылым жүйесіндегі ұйғыр тілі мен әдебиетінің қазіргі жағдайын, орны мен құндылығын талдау;

ОН4 – ұйғыр тілі мен әдебиетін және ағылшын тілін оқытуда АКТ және сандық білім беру ресурстарын пайдалану;

ОН5 – таңдалған пәндік мақсаттарға сәйкес оқу жетістіктерін критериалды бағалау мен диагностиканы қолдану;

ОН6 – білім алушының жеке дамуына ықпал ету, өмір бойы оқуға бағытталған дамытушы білімнің моделін көрсету;

ОН7 – командалық қызметте, тұлғааралық қатынастарда, тиімді жұмыста коммуникативтік құзыреттілікті көрсету;

ОН8 – оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттеріне, оқушылардың күтілетін нәтижелері мен физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес инновациялық технологияларды пайдалану;

ОН9 – тіл тарихын ескере отырып, ғылым мен әдістеменің соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, тілдік заңдылықтарды дамытудың теориялық мәселелерін қалыптастыру;

ОН10 – өз идеялары мен іс-әрекеттеріне, басқалардың пікірлеріне қызығушылық негізінде сыни және жүйелі ойлауды дамыту;

ОН11 – ұйғыр жазушыларының әдеби шығармаларында бейнелік және көркем мәнерлілік жасау мақсатында қолданылатын тілдік құралдарды анықтау, ұлттық мүдделер тұрғысынан идеялар мен пафосын талдау;

ОН12 – гуманистік көзқарас тұрғысынан бейнелер мен жағдайларды талдай білу, ұйғыр және ағылшын тіліндегі көркем мәтінді түсіндіре білу.